

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ СҮТ ЖӘНЕ СҮТ ӨНІМДЕРІ НАРЫҒЫ
MARKET OF MILK AND DAIRY PRODUCTS IN ALMATY REGION OF KAZAKHSTAN
РЫНОК МОЛОКА И МОЛОЧНОЙ ПРОДУКЦИИ В АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ КАЗАХСТАНА

Б.Ж. НУРАХОВА^{1*}

экономика ғылымдарының магистрі

А.А. НУРПЕИСОВА¹

Э.Ф.К.

Г.К. БАЙЖАКСЫНОВА²

Э.Ф.К.

¹*Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан*

²*Алматы Менеджмент Университеті, Алматы, Қазақстан*

**автордың электрондық поштасы: bota_nzh@mail.ru*

B.ZH. NURAKHOVA^{1*}

Master of Economic Sciences

A.A. NURPEISSOVA¹

C.E.Sc.

G.K. BAIZHAKSYNOVA²

C.E.Sc.

¹*Narxoz University, Almaty, Kazakhstan*

²*Almaty Management University, Almaty, Kazakhstan*

**corresponding author e-mail: bota_nzh@mail.ru*

Б.Ж. НУРАХОВА^{1*}

магистр экономических наук

А.А. НУРПЕИСОВА¹

К.Э.Н.

Г.К. БАЙЖАКСЫНОВА²

К.Э.Н.

¹*Университет Нархоз, Алматы, Казахстан*

²*Алматы Менеджмент Университет, Алматы, Казахстан*

**электронная почта автора: bota_nzh@mail.ru*

Аңдатпа. *Мақсаты* – мемлекеттік аграрлық саясаттың маңызды саласы және ауыл шаруашылығындағы басымдық ретінде көп көңіл бөлінетін Қазақстанның мал шаруашылығы саласын дамыту проблемаларын ашу. Сүт және сүт өнімдері нарығын мониторингтеу қажеттілігі оның әлеуметтік маңыздылығымен, жұмыспен қамтылуын, халықтың табысын және елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етумен негізделген. Авторлар сүт кешенінің сыртқы факторлардың әсерін ескере отырып, өзіндік сипаттамалары, өндіріс пен дистрибуция ерекшеліктері, сапа мен бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізу шарттары бар екенін айтады. Осыған байланысты, зерттеу отандық сүт мал шаруашылығының ішкі саласын одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге арналған. *Әдістері* – жалпы ғылыми (жиналған ақпаратты талдау, синтездеу, жалпылау). *Нәтижелері* – Қазақстан Республикасында сүт және сүт өнімдерін жан басына шаққандағы орташа тұтыну, соңғы 5 жылдағы импорт пен экспорт көрсеткіштері бойынша сүт-азық-түлік нарығы талданды. Түпкілікті өнім көлемінің ұлғаюын және малдардың өнімділігінің төмендігін тежейтін негізгі себептері: агроқұрылымдар мен жеке қосалқы шаруашылықтардағы аналық мал басы үлесінің төмендігі, сапалы жемшөптің жетіспеуі, мал ұстау технологияларының сақталмауы, жабдықтардың тозуының жоғары деңгейі, республикада, атап айтқанда Алматы облысында шикізат өндірушілер мен оны қайта өңдеушілер арасында тиімді байланыстардың болмауы анықталған. *Қортындылар* – шикізат тапшылығын жою, кәсіпорындарды қаржылық сауықтыру, азық-түлікті өткізу кезінде заманауи маркетингтік технологияларды пайдалану, сүт тауарларын тасымалдау, сақтау және өткізу кезінде ұтымды логистикалық тізбектерді қамтамасыз ету қажет.

Abstract. *The goal* is to reveal the problems of development of livestock industry in Kazakhstan, which is given great attention as the most important area of State agricultural policy and a priority in agriculture. The need to monitor milk and dairy products market is justified by its social significance, employment, income of the population and food security of the country. The authors note that the dairy subcomplex has its own characteristics, specifics of production and distribution, conditions for achieving quality and competitiveness, taking into account the influence of external factors. In this regard, the study is devoted to development of recommendations for further improvement of domestic dairy farming sub-sector. *Methods* – general scientific (analysis, synthesis, generalization of the collected information. *Results* – dairy market was analyzed in terms of indicators: average per capita consumption of milk and dairy products in the Republic of Kazakhstan, imports and exports over the past 5 years. The main reasons hindering the increase in the volume of final products and low productivity of animals: low share of breeding stock in agri-businesses and private farms, lack of high-quality feed, non-compliance with livestock keeping technologies, high level of equipment wear and tear, lack of effective links between commodity producers of raw materials and its processors in the republic, in particular, Almaty region. *Conclusions* – elimination of shortage of raw materials, financial recovery of enterprises, use of modern marketing technologies in food sales, the provision of rational logistics chains for the transportation, storage and sale of dairy products is needed.

Аннотация. *Цель* – раскрыть проблемы развития животноводческой отрасли Казахстана, которой уделяется большое внимание как важнейшей сфере государственной аграрной политики и приоритету в сельском хозяйстве. Необходимость мониторинга рынка молока и молочной продукции обоснована его социальной значимостью, обеспечением занятости, доходов населения и продовольственной безопасности страны. Авторы отмечают, что молочный подкомплекс имеет свои особенности, специфику производства и дистрибуции, условия достижения качества и конкурентоспособности, с учетом влияния внешних факторов. В связи с этим, исследование посвящено разработке рекомендаций по дальнейшему совершенствованию подотрасли отечественного молочного животноводства. *Методы* – общенаучные (анализа, синтеза, обобщения собранной информации. *Результаты* – проанализирован молочно-продуктовый рынок по показателям: среднедушевое потребление молока и молочных продуктов в Республике Казахстан, импорт и экспорт за последние 5 лет. Выявлены основные причины, сдерживающие увеличение объемов конечной продукции и низкой продуктивности животных: низкая доля маточного поголовья в агроформированиях и личных подсобных хозяйствах, нехватка качественных кормов, несоблюдение технологий содержания скота, высокий уровень износа оборудования, отсутствие эффективных связей между товаропроизводителями сырья и его переработчиками в республике, в частности Алматинской области. *Выводы* – необходимы устранение дефицита сырья, финансовое оздоровление предприятий, использование современных маркетинговых технологий при реализации продовольствия, обеспечение рациональных логистических цепей при транспортировании, хранении и реализации молочных товаров.

Түйінді сөздер: агроөнеркәсіптік кешен, мал шаруашылығы, ірі қара мал басы, өнімділік, өндіріс, тұтыну, сүт және сүт өнімдерінің нарығы, экспорт, импорт.

Key words: agro-industrial complex, animal husbandry, cattle population number, productivity, production, consumption, milk and dairy products market, export, import.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, животноводство, поголовье крупного рогатого скота, продуктивность, производство, потребление, рынок молока и молочной продукции, экспорт, импорт.

Кіріспе. Аграрлық азық-түлік нарығы – бұл ауыл шаруашылық өнімдері мен азық-түлік өнімдерін өндірумен, оларды өндірушілерден тұтынушыларға жылжытумен байланысты тауар айырбасының күрделі сегменттелген жүйесі. Аграрлық азық-түлік нарығының жұмыс істеуі мен дамуы агроөнеркәсіптік өндірістің тиімділігіне, оның бәсекеге қабілеттілігіне, халық табысының өсуіне тікелей байланысты. Аграрлық азық-түлік нарығында оны басқа нарықтардан

түбегейлі ерекшелендіретін қасиеттер жиынтығы бар. Оның ең маңызды сипаттамасы – оның әлеуметтік бағыты мен маңыздылығы. Бір жағынан, бұл нарықтың жағдайы тұтастай алғанда қоғамның даму деңгейін сипаттайды, екінші жағынан, бұл қазіргі әлемдегі аграрлық азық-түлік нарығының даму үрдістерінің бағыттарын анықтайтын азық-түліктің түпкілікті тұтынушылары – олардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктері.

Сүт және сүт өнімдері нарығы азық-түлік нарығының маңызды секторы болып табылады. Сүт және сүт өнімдерін тұтыну тікелей халықтың денсаулығына тікелей әсер етеді: ғалымдардың пікірінше, сүт негізгі азық-түлік өнімдерінің бірі, бүкіл әлемдегі барлық жастағы адамдар үшін дұрыс тамақтанудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Соңғы жылдары сүт және сүт өнімдерінің әлемдік нарығы айтарлықтай кеңейіп, әртараптандырылды, бұл халықтың қажеттіліктерінің өсуіне, тауар ағындарының географиялық өзгеруіне және тұтынушылардың жаңа қалауларына байланысты болды.

Аграрлық азық-түлік нарығы туралы отандық және шетелдік ғалымдардың көптеген жарияланымдарын талдай келе, келесідей тұжырымды қарастырамыз. Н.Н. Воробьев аграрлық азық-түлік нарығын «өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну үрдістерінде туындайтын ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер мен тұтынушылар, оларды тасымалдау, өңдеу, сақтау және өткізу арасындағы тауар-ақша қатынастарының күрделі көп функциялы жүйесі» деп анықтайды [1].

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Зерттеу жұмыстарының теориялық және әдістемелік негізі ретінде отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан аграрлық азық-түлік нарығы және олардағы азық-түлік өнімдерін өндіру, нақтырақ сүт және сүт өнімдерін өндіру туралы жайлы еңбектері, көзқарастары мен тұжырымдары қарастырылды. Зерттеу әдістері қойылған мақсаттар мен міндет-


терге орай анықталды. Олар талдау, синтездеу, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ақпараттары, Алматы облысының сүт және сүт өнімдері нарығының ресми мәліметтерін экономика-статистикалық өңдеу сияқты жалпы ғылыми әдістер.

Зерттеу кезінде теориялық аспектілерді негіздеу жалпы ғылыми әдістер мен тәсілдерді, талдау және синтездеу әдісін, жүйелі және кешенді тәсілдерді қолдану негізінде жүзеге асырылды, ресми статистикалық материалдар мен интернет желісінің ақпараттық әлеуетінен жеке бақылаулардың қорытынды деректері қарастырылды.

Зерттеудің негізгі нәтижелері ретінде соңғы бес жылға Қазақстан Республикасында сүт және сүт өнімдерін тұтыну динамикасы нақты мәліметтер негізінде талданды, Қазақстан Республикасының сүт және сүт өнімдерінің ресурстық әлеуетінің динамикасы, Алматы облысындағы ірі қара мал басы мен бір сауылатын сиырға келетін орташа сүт сауымы және ауыл шаруашылық жануарларына арналған дайын азықтарын өндірудің динамикасы берілген.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Қазақстан Республикасында халықтың орташа жан басына шаққанда сүт және сүт өнімдерін тұтыну деңгейі жылдан-жылға өсуде, бірақ шетел нарығымен салыстырғанда әлі де төмен деңгейде. Қазақстан Республикасының 2016-2020 жылдар аралығында сүт және сүт өнімдерін тұтыну деңгейінің өзгеруі 1 суретте көрсетілген.



1 сурет – Қазақстан Республикасының 2016-2020жж. сүт және сүт өнімдерін тұтыну деңгейі, кг [2]

1 суреттен байқағанымыздай, сүт және сүт өнімдерін тұтыну деңгейі құбылмалы болды. Зерттеліп отырған кезеңде Қазақстан Республикасының сүт және сүт өнімдерін тұтыну деңгейі 2018 жылы 261,3 килограммды құрап, жоғары нәтижені

көрсетті. Ал 2019 және 2020 жылдары сүт және сүт өнімдерін тұтыну деңгейі төмендеген, оның көлемдері сәйкесінше 253,5 килограммды және 259,4 килограммды құрады.

2016-2020 жылдар аралығында сүт және сүт өнімдерін тұтыну деңгейінің көрсеткіштері сүт және сүт өнімдерін тұтынуының физиологиялық нормасынан төмен, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы №503 бұйрығымен бекіткен сүт және сүт өнімдерін тұтынудың физиологиялық нормасы 301 килограммды құрайды. Сүт саласының жағдайына халықтың ақшалай табыстары, сүт өнімдерін

тұтыну құрылымы, өндірісті басқару тиімділігі және сүт саласы кәсіпорындарының қаржылық жай-күйі шешуші әсер етеді.

Сүт және сүт өнімдері нарығының негізгі көрсеткіштері өндіріс, импорт және экспорт көлемдері болып келеді. Қазақстан Республикасының 2016-2020 жылдар аралығында сүт және сүт өнімдерінің ресурстық әлеуетінің динамикасы 1 кестеде келтірілген.

1 кесте – Қазақстан Республикасының 2016-2020жж. сүт және сүт өнімдерінің ресурстық әлеуетінің динамикасы, мың тонна

Жыл	Өндіріс		Импорт	Экспорт
	Сүт	Сүт өнімдері	Сүт өнімдері	
2016	5 341,60	729,4	151,7	19,7
2017	5 503,40	742,9	151	29,3
2018	5 686,20	808	136	42,3
2019	5 864,90	857,8	139,5	57,8
2020	6 051,4	925,6	171,7	57

Ескерту: мәліметтер негізінде авторлармен құрастырылған [3, 4, 5]

1 кестеден байқағанымыздай, сүт және сүт өнімдерінің өндіріс көлемі тұрақты өсіп отырғанын айтуға болады. Сондай-ақ, сүт өнімдерінің импорт пен экспорт көлемдерін талдай келе, 2020 жылды 2019 жылмен салыстырғанда импорт көлемінің жоғарылағанын, экспорт көлемінің төмендегенін көруге болады. Сүт өнеркәсібінің өнімдері кәсіпорындардың өнеркәсіптік және өндірістік қызметінің тікелей пайдалы нәтижесі бо-

лып келеді. Адамның тамақтануы үшін сүт өнімдерінің құндылығы химиялық құрамы мен тағамдық қасиеттерімен анықталады.

Қазіргі уақытта отандық нарықта сүт және сүт өнімдерін өндірудің тұрақты өсу тенденциясы байқалады. 2016-2020 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының облыстар бойынша сүтті өндіру көлемдері 2 кестеде келтірілген.

2 кесте – Қазақстан Республикасының облыстар бойынша 2016-2020жж. сүт өндіру көлемдері, мың тонна

Облыстар	Жылдар					2020 жылмен салыстырғанда, %	
	2016	2017	2018	2019	2020	2016	2019
Ақмола	378,6	385,3	387,4	397,9	404,7	106,9	101,7
Ақтөбе	307,1	315,4	327,6	338,0	345,4	112,5	102,2
Алматы	696,9	723,4	758,0	792,8	818,2	117,4	103,2
Атырау	61,3	62,1	63,2	63,6	66,7	108,8	104,9
Батыс Қазақстан	227,7	231,9	234,9	236,8	237,2	104,2	100,2
Жамбыл	297,6	306,2	315,0	323,6	329,2	110,6	101,7
Қарағанды	436,2	456,7	472,6	490,2	510,7	117,1	104,2
Қостанай	380,3	384,1	410,0	420,4	428,7	112,7	102,0
Қызылорда	88,6	89,8	91,6	93,9	96,1	108,5	102,3
Маңғыстау	10,9	11,7	12,4	12,5	12,5	114,7	100,0
Павлодар	364,4	371,0	383,1	393,1	405,7	111,3	103,2
Солтүстік Қазақстан	525,6	546,1	555,1	566,6	597,9	113,7	105,5
Түркістан	674,6	687,1	706,6	730,1	756,5	112,1	103,6
Шығыс Қазақстан	839,2	879,6	917,7	954,3	991,9	118,2	103,9
Нұр-Сұлтан қаласы	0,5	0,5	0,4	0,3	0,2	40,0	66,7
Алматы қаласы	5,1	5,2	5,2	5,0	2,6	51,0	52,0
Шымкент қаласы	47,1	47,3	45,4	46,0	47,2	100,2	102,6
Қазақстан Республикасы	5 341,7	5 503,4	5 686,2	5 865,1	6 051,4	113,3	103,2

Ескерту: мәлімет негізінде авторлармен құрастырған [қараңыз 3]

2 кестеден байқағанымыздай, барлық облыстар бойынша сүт өндіру көлемі 2016-2020 жылдар аралығында жоғарылағанын айтуымызға болады. Қазақстан Республикасы 2020 жылы 6051,4 мың тонна сүт өндірді, оны 2016 жылмен салыстырғанда 709,7 мың тонна жоғары екендігін көрсетеді. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ақпараттары бойынша 2020 жылы сүтті өндіруде көшбасшы Шығыс Қазақстан (16,4%), Алматы (13,5%) және Түркістан (12,5%) облыстары болып табылады.

Алматы облысы сүт және сүт өнімдерін өндіру бойынша көшбасшылар қатарына кіреді, бұл ретте осы өңірде өндірілген өнім көлемі халықтың ішкі сұранысын қанағаттандыра алады. Алматы облысының сүт саласы Қазақстанның сүт саласының құрамдас бөлігі болып табылады және онда болып жатқан үрдістер, атап айтқанда сүт өндіру, қайта өңдеу және тұтыну саласындағы жалпы қазақстандық үрдістерді көрсетеді. Алматы облысы экономикалық әлеуеті жоғары және агроөнеркәсіптік

кешенінің орталық тізбегі болып табылады. Алайда, пандемиядан кейін облыстың қазіргі қаржылық-экономикалық жағдайы тұрақталып келеді.

Алматы облысындағы сүт және сүт өнімдері нарығын дамыту үшін келесі факторлар өте маңызды:

* сүт және сүт өнімдері нарығына инвесторларды тартуға бағытталған сүт және сүт өнімдерін өткізудің ұйымдас-тырылған арналарын қалыптастыру;

* өндірілетін өнімнің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату, оның өткізу нарықтарын кеңейтуге мүмкіндік береді;

* сүт және сүт өнімдерінің өндіру көлемін ұлғайту.

Қазіргі уақытта сүт және сүт өнімдерін өндіру Алматы облысындағы бірінші дәрежелі міндеттерінің бірі болып отыр, сондай-ақ халықты сапалы азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету, азық-түлік өнімдерін тасымалдауды арттыру және жетекші орын алуға лайықты болу. Алматы облысындағы сүт өндірудің динамикасы 3 кестеде келтірілген.

3 кесте – Алматы облысындағы 2016-2020жж. сүт өндірудің динамикасы

Көрсеткіштердің атауы	Жылдар					2020 жылмен салыстырғанда, %	
	2016	2017	2018	2019	2020	2016	2019
Сүт өндірудің барлық түрлері, мың тонна	696,9	723,4	758,0	792,8	818,2	117,4	103,2
Сиыр сүтін өндіру, мың тонна	692,7	719,0	753,6	788,6	813,8	117,5	103,2
Сүт өндірудің жалпы көлеміндегі сиыр сүтінің үлес салмағы, %	99,4	99,4	99,4	99,5	99,5	100,1	100,0

Ескерту: мәлімет негізінде авторлармен құрастырған [қараңыз 3]

3 кестеден байқағанымыздай, 2016-2020 жылдар аралығында Алматы облысында сүт өндірудің динамикасы жыл сайынғы өсуі байқалды. Алматы облысында сүт өндіру көлемі 2020 жылы 818,2 мың тоннаны құрады, оны 2016 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 121,3 мың тоннаға өскен. Ал сиыр сүтін өндіру көлеміне келетін болсақ, 2020 жылы 813,8 мың тоннаны құрағанын көрсетті, оны 2016 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 121,1 мың тоннаға өскен. Алматы облысында өндірілетін сүттің жалпы көлеміндегі сиыр сүтінің үлесі қарастырылған кезең бойы тұрақты болып келеді және орташа есеппен 99,4 пайызды құрайды.

Ауыл шаруашылығын өндірісін жүзеге асыратын шаруашылықтар үш санатқа бөлінеді: ауыл шаруашылық кәсіпорындары, шаруа немесе фермер қожалықтары және жұртшылық шаруашылықтары. Алматы об-

лысының сүт өндірісі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа немесе фермер қожалықтарында және жұртшылық шаруашылықтарында өндіріледі. 2016-2020 жылдар аралығында Алматы облысының барлық шаруашылық санатындағы сүт өндірісі 2 суретте көрсетілген.

2 суреттен байқағанымыздай, 2020 жылы Алматы облысының сүт өндірісінің басым бөлігі жұртшылық шаруашылықтарында өндіріледі, ол барлық өндірістің 72,4%-ды құрайды. Ал қалған бөлігі шаруа немесе фермер қожалықтары мен ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында өндіреді.

Сүт өндірісінің көлемі сиыр басының санына және сүттің өнімділігіне байланысты. Мал шаруашылығының өнімді көп беретін саласы ірі қара мал шаруашылығы болып табылады. Алматы облысындағы ірі қара мал басын талдау нәтижелері 4 кестеде келтірілген.



2 сурет – Алматы облысының барлық шаруашылық санатындағы 2016-2020 жж. сүт өндірісі, мың тонна [6]

4 кесте – Алматы облысындағы ірі қара мал басының өзгеруі, мың бас

Көрсеткіштердің атауы	Жылдар					Орташа есеппен, мың бас
	2016	2017	2018	2019	2020	
Ірі қара мал, мың бас	928,4	963,8	1 004,6	1 028,1	1 084,5	1 001,9
Оның ішінде сиыр	455,4	479,5	511,3	534,7	564,0	509,8
Қой мен ешкі	3 332,7	3 411,1	3 419,4	3 511,8	3 660,1	3 467,0
Шошқа	98,9	71,9	54,8	53,3	52,2	66,2
Жылқы	285,9	296,4	311,9	327,0	355,7	3 15,4
Түйе	7,2	7,1	7,1	7,4	7,6	7,3
Құс	8 935,7	9 246,3	10 426,8	10 311,2	10 597,9	9 903,6


Ескерту: мәліметтер негізінде авторлармен құрастырған [қараңыз 3, 6]

4 кестеден байқағанымыздай, Алматы облысында талдау жүргізілген кезеңде мал шаруашылығының саны орташа есеппен 15 270,34 мың басты құрады, оның ішінде ірі қара мал саны – 1001,88. Сәйкесінше, мал шаруашылығы құрылымында ең үлкен үлесін мал басына есептегенде құс 64,8% құрайды, ал ең аз үлесін шошқа және түйе құрайды.

Бүгінгі таңда ірі қара мал басының саны бойынша бірінші орынды Алматы облысы алады, Алматы облысында зерттеліп отырған кезеңде ірі қара мал және сиыр санының жыл сайынғы өсуі байқалады. Ірі қара мал санын 2020 жылды 2016 жылмен

салыстырғанда 156,1 мың басқа жоғарылады немесе 16,8% өсуі болды, ал сиыр санын 2020 жылды 2016 жылмен салыстырғанда 108,6 мың басқа жоғарылады немесе 23,8% өсуі болды.

Сүт өндірісінің көлеміне сиырлардың сүт өнімділігі сияқты фактор үлкен әсер етеді, оның деңгейі сүтті мал шаруашылығы саласын дамытудың маңызды техникалық-экономикалық көрсеткіші болып табылады. Алматы облысында 2016-2020 жылдар аралығында бір сауылатын сиырға келетін орташа сүт сауымының динамикасы 3 суретте көрсетілген.



3 сурет – Алматы облысында 2016-2020жж. бір сауылатын сиырға келетін орташа сүт сауымының динамикасы, кг [қараңыз 6]


3 суреттен байқағанымыздай, Алматы облысының сүт өнімділігі жоғары болып табылады, аймақта бір сауылатын сиырға келетін орташа сүт сауымы жылына орташа есеппен 2745 килограммды құрайды. Алматы облысында сүт табынының өнімділігі басқа облыстармен салыстырғанда орташа болып келеді және бір сауылатын сиырға шаққандағы орташа сауым жылына 2800 килограммнан аспайды. Жануарлардың өнімділігіне көптеген факторлар әсер етеді. Мұнда, ең алдымен, жануарлардың өздеріне, олардың биологиялық және физиологиялық ерекшеліктеріне тікелей байланысты факторлар мен жағдайлардың жиынтығын есте ұстаған жөн.

Қазақстанда мал шаруашылығы саласының төмен өнімділігінің негізгі себептері: асыл тұқымды мал басы үлесінің төмендігі, сапалы азықтың тапшылығы, мал ұстау жағдайының нормаларға сай келмеуі болып табылады. Мал шаруашылығы саласына тән сипаттар малдардың тұқым қуалау әлеуеті және осыған байланысты тө-

мен өнімділік, малды күтуде заманауи технологияларды қолданудың мардымсыздығы, өнім сапасын және өнімділігін қамтамасыз ететін басқа да технологиялар қолдану мен азықтандырудың жеткіліксіздігі [7].

Мал шаруашылығын зерттеген ғалымдардың тәжірибелеріне сүйенсек мал өнімділігіне негізінен мынадай маңызды үш фактор әсер етеді. Ол табынның генетикалық потенциалы – 30 пайызға; азықтандыру – 60 пайызға, ал күту шаралары 10 пайызға байланысты делінген [8].

Сүтті мал шаруашылығындағы тағы бір мәселе – сүт өндірудің маусымдылығы, ол жыл бойы төлдеудің біркелкі болмауымен байланысты. Бұл сүт өңдеу зауыттарында сүтті «жазғы максимум» өңдеуге мүмкіндік беретін қуат болуы керек, ал қалған айларда бұл қуаттың жартысынан азын пайдалану керек дегенді білдіреді. 4 суретте 2020 жылдың қаңтар және желтоқсан айларының аралығында Алматы облысының сүт өндірісінің динамикасы көрсетілген.




4 сурет – 2020 жылдың Алматы облысының ай бойынша сүт өндірісінің динамикасы, мың тонна [9]

4 суреттен байқағанымыздай, көктемгі-жазғы кезеңде сүт өнімділігінің өсуі жыл сайын қайталанады. Атап айтқанда, сүт өндірісінің шыңы маусым айында – 92,9 мың тоннаны, ал ең төменгі деңгейі желтоқсан айында – 42,1 мың тоннаны құрады. Қазіргі уақыттағы сүт өндірісінің маусымдық коэффициенті 2,2 құрайды, яғни маусым айында өндіріс көлемі желтоқсан айына қарағанда 2,2 есе жоғары екендігін айтады.

Сапалы сүттің өндірісін арттырудың тағы бір шектейтін факторы ретінде жемшөп базасы болып табылады. Мал шаруашылығын табысты дамыту үшін жемшөп базасы шешуші орын алады. Мал

шаруашылығын тұрақты дамыту үшін жемшөп базасын құру, жем-шөп түрлерінің жоғары өнімділігі мен қоршаған ортаның жағдайына бейімделуіне негізделеді. 2016-2020 жылдар аралығында Алматы облысының ауыл шаруашылық жануарларына арналған дайын азықтарын өндірудің динамикасы 5 суретте көрсетілген.

5 суреттен байқағанымыздай, Алматы облысының ауыл шаруашылық жануарларына арналған дайын азықтарын өндірудің көлемі 463 673 тоннаны құрады, оны 2016 жылмен салыстырғанда 301673 тонна жоғары екендігін көрсетеді. Мал азығын өндірудің өсуі ірі қара мал басы мен құстардың санының артуымен байланысты болады.



5 сурет – Алматы облысының ауыл шаруашылық жануарларына арналған дайын азықтарын өндірудің динамикасы, тонна [10]

Қорытынды. Алматы облысының сүт және сүт өнімдері нарығын талдай келе, авторлар сүт өндірісінің келесі жалпы тенденцияларын анықтайды:

1. Сүт нарығындағы шикізаттың тапшылығы. Соңғы жылдары сүт шаруашылығындағы кейбір оң үрдістерге қарамастан, қайта өңдеу өнеркәсібінде жоғары сапалы шикі сүттің өткір тапшылығы жағдайында жұмысын жалғастырып келеді.

2. Өндіріс қуаттылығын толық пайдаланбау. Өндірістік қуаттардың төмен пайдаланылуы облыста өндірілетін жоғары сапалы шикізат көлемінің жеткіліксіздігімен де айқындалады. Сүт сапасының төмен болуы жоғары сапалы жемшөптің қажетті мөлшерінің болмауынан, олардың теңгерімсіздігінен, сондай-ақ сиырларды сауу кезіндегі гигиеналық талаптардың, сүтті сақтау мен тасымалдаудың технологиялық талаптарының бұзылуына байланысты.

3. Сүтті сиыр шаруашылығы мал шаруашылығының негізгі бір саласы, сондықтан бір сауылатын сиырға келетін орташа сүт сауымын жоғарылату. Алайда, жалпы Қазақстан Республикасында 2016-2020 жылдар аралығында сүт табынының өнімділігінің орташа деңгейі жылына 2300 килограммды, Алматы облысында – 2700 килограммды құрайды, бұл көрсеткіш әлемдік деңгейден артта қалды, бұл отандық генетиканың жеткіліксіз дамуымен және сүт фермаларының көптеген қуаттарының тозуының жоғары дәрежесімен байланысты.

4. Шикізат өндірушілер мен оны қайта өңдеушілер арасында тиімді байланыстардың болмауы. Ең алдымен, жеке шаруашылықтарында өндірілген сүт шикізатын өткізудің дұрыс жолға қойылған жүйесінің болмауы қайта өңдеу өнеркәсібі үшін

шикізат тапшылығы мәселесін одан әрі шиеленістіреді. Сүт қабылдау пункттерінің жеткіліксіз техникалық жарақтандырылуы, өңірлердегі жолдар жүйесінің дамымауы және басқа да факторлар оның дамуын қиындатады.

5. Алматы облысының сүт және сүт өнімдері нарығындағы тұтынушылардың қалауы үшін күрестегі негізгі бәсекелестер ең танымал сүт және сүт өндірушілері «Фудмастер», «Адал», «Агропродукт» компаниялары болып табылады. Осы аталған сүт және сүт өнімдерін өндіретін компаниялардың сарапшылық талдау деректері негізінде басым көпшілігі өндірісті дамытуды өзінің бірінші кезектегі міндеттері деп санайды: өнімнің жаңа түрлерін игеру, қайта құру, жаңа жабдықтар сатып алу және т.б. Қазіргі таңда сүт және сүт өнімдерін өндіретін компаниялар өндіріс дағдарысын бастан кешіп отыр, соған байланысты қызметкерлер санын қысқартты және компанияның қаржылық проблемаларын шешуді қарастырып отыр.

6. Сүт және сүт өнімдерін өндіретін компаниялар өнімдерін өндіріп қана қоймай, сондай-ақ өндірілген өнімдерін өткізу және жылжыту қызметтерін қарастырған жөн. Өйткені нарық талабына сай маркетинг саласында елеулі өзгерістер болып отырады. Егер сүт және сүт өнімдерін өндіретін компаниялар өнімдерін өткізуде заманауи маркетингтік және жарнамалық технологияларды кеңінен қолданатын болса, компаниялардың танымалдылығы жоғарылап, тұтынушы топтары мен соңғы тұтынушылармен байланыс орнап, тұтынушылардың ниеттестігі артар еді.

Әдебиеттер тізімі

[1] Воробьев, Н.Н. Формирование организационно-экономического механизма агропродовольственного рынка (теория и практика) / Н.Н. Воробьев. – Ставрополь: ГОУ ВПО СевКавГТУ, 2006. – 214 с.

[2] Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының тұрмыс деңгейі статистикасының мәліметтері [Электрондық ресурс].-2021.-URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/64/statistic/7> (қаралған күні: 15.02.2022).

[3] Сельское, лесное и рыбное хозяйство в Республике Казахстан за 2016-2020 годы: статистический сборник. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 211 с.

[4] Промышленность Республики Казахстан за 2016-2020 годы: статистический сборник. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 168 с.

[5] Балансы ресурсов и использования важнейших видов сырья, продукции производственно-технического назначения и потребительских товаров по Республике Казахстан за 2016-2020 годы: статистический сборник. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 66 с.

[6] Сельское, лесное и рыбное хозяйство в Алматинской области за 2016-2020 гг.: статистический сборник. – Алматы, 2021. – 155 с.

[7] Рустембаев, Б.Е. Қазақстандағы сүт өндірісі және қайта өңдеу / Б.Е. Рустембаев, А.С. Казкенова, Б.А. Айнаканова // Проблемы агрорынка. – 2016. – №1. – Б. 95-101.

[8] Аленова, К.Т. Қазақстан Республикасында сүт өндірудің экономикалық аспектілері / К.Т. Аленова, А.Ж. Нукешева, А.Қ. Ерназарова // Проблемы агрорынка. – 2018. – №2. – Б. 169-176.

[9] Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының тұрмыс деңгейі статистикасының мәліметтері [Электрондық ресурс].- 2021.- URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/14/statistic/7> (қаралған күні: 15.02.2022).

[10] Промышленность Алматинской области и ее районов за 2016-2020 годы: статистический сборник. – Алматы, 2021. – 97 с.

References

[1] Vorob'ev, N.N. (2006). Formirovanie organizacionno-ekonomicheskogo mekhanizma agroproduktivnogo rynka (teoriya i praktika) [Formation of the organizational and economic mechanism of the agri-food market (theory and practice)]. Stavropol': GOU VPO SevKavGTU, 214 p. [in Russian].

[2] Qazaqstan Respublikasy Strategialyq josparlau jәne reformalar agenttigi Ұлттық статистика бюросының тұрмыс деңгейі статистикасының мәліметтері [Electronic resource] (2021). Available at: <https://stat.gov.kz/official/industry/64/statistic/7> (date of access:15.02.22)

[3] Sel'skoe, lesnoe i rybnoe hozjajstvo v Respublike Kazakhstan za 2016-2020 gody: statisticheskij sbornik (na kazahskom i russskom jazykah) [Agriculture, forestry and fisheries in the Republic of Kazakhstan for 2016-2020: statistical collection] (2021). Nur-Sultan, 211 [in Russian].

[4] Promyshlennost' Respubliki Kazakhstan za 2016-2020 gody: statisticheskij sbornik (na kazahskom i russskom jazykah) [Industry of the Republic of Kazakhstan for 2016-2020: statistical collection] (2021). Nur-Sultan, 168 [in Russian].

[5] Balansy resursov i ispol'zovaniya vazhnejshih vidov syr'ja, produkcii proizvodstvenno-technicheskogo naznachenija i potrebitel'skih tovarov po Respublike Kazakhstan za 2016-2020 gody: statisticheskij sbornik (na kazahskom i russskom jazykah) [Balances of resources and use of the most important types of raw materials, industrial and technical products and consumer goods in the Republic of Kazakhstan for 2016-2020: statistical collection]. – Nur-Sultan: 2021. – 66 p. [in Russian].

[6] Sel'skoe, lesnoe i rybnoe hozjajstvo v Almatinskoj oblasti za 2016-2020 gody: Statisticheskij sbornik (na kazahskom i russskom jazykah) [Agriculture, forestry and fisheries in the Almaty region for 2016-2020: statistical collection]. – Almaty: 2021. – 155 p. [in Russian].

[7] Rustembaev, B.E. & Kazkenova, A.S. & Ainakanova, B.A. (2016). Qazaqstandaғы сүт өндірісі және қайта өңдеу [Milk production and processing in Kazakhstan]. 1, 95-101 [in Kazakh].

[8] Alenova, K.T. & Nukeshova, A.J. & Ernazarova, A.Q. (2018). Qazaqstan Respublikasynda сүт өндірудің ekonomikalыq aspektіlerі [Economic aspects of milk production in the Republic of Kazakhstan]. Problemy agrorynka – Problems of AgriMarket, 2, 169-176 [in Kazakh].

[9] Qazaqstan Respublikasy Strategialyq josparlau jәne reformalar agenttigi Ұлттық статистика бюросының тұрмыс деңгейі статистикасының мәліметтері [Electronic resource].-2021.- Available at: <https://stat.gov.kz/official/industry/14/statistic/7> (date of access:15.02.22)

[10] Promyshlennost' Almatinskoj oblasti i ee rajonov za 2016-2020 gody: Statisticheskij sbornik (na kazahskom i russskom jazykah) [Industry of the Almaty region and its districts for 2016-2020: statistical collection]. – Almaty: 2021. – 97 p. [in Russian].

Нұрахова Ботагөз Жанабаевна – **негізгі автор**; экономика ғылымдарының магистрі; «Менеджмент және маркетинг» ғылыми-білім беру департаментінің аға оқытушысы; Нархоз Университеті; 050035 Жандосова көш., 55, Алматы қ., Қазақстан; e-mail: bota_nzh@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-7220-0226>

Нурпеисова Айгуль Аралбаевна; экономика ғылымдарының кандидаты; «Менеджмент және маркетинг» ғылыми-білім беру департаментінің қауымдастырылған профессоры; Нархоз Университеті; 050035 Жандосова көш., 55, Алматы қ., Қазақстан; e-mail: nur_aigul@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-4853-6686>

Байжаксынова Гулшат Касымхановна; экономика ғылымдарының кандидаты; Қонақжайлылық және туризм мектебінің профессор көмекшісі; Алматы Менеджмент Университеті; 050060 Розыбакиева көш., 227, Алматы қ., Қазақстан; e-mail: gulshat.kasymhan@gmail.com; <https://orcid.org/0000-0002-2491-3440>

Nurakhova Botagoz Zhanabaevna - **The main author**; Master of Economic Sciences; Senior Lecturer of the Scientific and Educational Department "Management and Marketing"; Narxoz University; 050035 Zhandosova str., 55, Almaty, Kazakhstan; e-mail: bota_nzh@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-7220-0226>

Nurpeissova Aigul Aralbaevna; Candidate of Economic Sciences; Associate Professor of the Scientific and Educational Department "Management and Marketing"; Narxoz University; 050035 Zhandosova str., 55, Almaty, Kazakhstan; e-mail: nur_aigul@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-4853-6686>

Baizhaxynova Gulshat Kasymkhanovna; Candidate of Economic Sciences; Assistant Professor at the School of Hospitality and Tourism; Almaty Management University; 050060 Rozybakieva str., 227, Almaty, Kazakhstan; e-mail: gulshat.kasymhan@gmail.com; <https://orcid.org/0000-0002-2491-3440>

Нурахова Ботагоз Жанабаевна - **основной автор**; магистр экономических наук; старший преподаватель НОД «Менеджмент и маркетинг»; Университет Нархоз; 050035 ул. Жандосова, 55, г. Алматы, Казахстан; e-mail: bota_nzh@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-7220-0226>

Нурпеисова Айгуль Аралбаевна; кандидат экономических наук; ассоциированный профессор НОД «Менеджмент и маркетинг»; Университет Нархоз; 050035 ул. Жандосова, 55, г. Алматы, Казахстан; e-mail: nur_aigul@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-4853-6686>

Байжаксынова Гульшат Касымхановна; кандидат экономических наук; ассистент профессора Школы гостеприимства и туризма; Алматы Менеджмент Университет; 050060 ул. Розыбакиева, 227, г.Алматы, Казахстан; e-mail: gulshat.kasymhan@gmail.com; <https://orcid.org/0000-0002-2491-3440>